

"Ұлттық балаларды оңалту орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 25 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Ұлттық балаларды оңалту орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҰБОО" КеАҚ) құрылсын.

2. "ҰБОО" КеАҚ қызметінің негізгі түрлері психоневрологиялық аурулары бар балалар мен жасөспірмдерге медициналық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмекті қамтитын арнаулы, жоғары технологиялық, стационарлық, стационарды алмастыратын, консультациялық-диагностикалық, кешенді оңалту және өзге де медициналық көмек, қалпына келтіру емін көрсету және медициналық оңалту, тиімді диеталық тамақтануды қамтамасыз ету және балаларды жалпы, қосалқы және түзету бағдарламалары бойынша оқыту, инклузивті білім беру және паралимпиадалық ойындарға тарту, докторантура (PhD), резиденттура, магистратура арқылы кадрлар даярлау, сондай-ақ бейіні бойынша медициналық және медициналық-әлеуметтік мекемелер мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау, қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды жетілдіруге бағытталған ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізу, ғылыми-инновациялық технологияларды енгізу, бала жасындағы ауруларды оңалту мен олардың профилактикасының қолданыстағы технологияларын (әдістерін) жетілдіруге қатысу және жаңаларын әзірлеу, оңалту және қалпына келтіру емі саласындағы ғылыми және әдістемелік әдебиетті әзірлеу және басып шығару, холдинг компанияларының қызметі болып айқындалсын.

3. "ҰБОО" КеАҚ жарғылық капиталы осы қаулыға қосымшаға сәйкес респубикалық мүлік есебінен қалыптастырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы "Балбұлак" респубикалық балаларды оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта құру жолымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Балбұлак" балаларды оңалту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Балбұлак" БОО" АҚ) болып қайта ұйымдастырылсын.

5. "Балбұлак" БОО" АҚ қызметінің негізгі түрлері балаларды климатотерапия, емдік дene шынықтыру, физиотерапиялық және басқа да ем-шараларды пайдалана отырып, стационар жағдайында оңалту, диагностиканың, зерттеулер мен емдеудің заманауи

әдістерін қолдана отырып, олардың сапасын тұрақты арттыру жолымен балаларға арнаулы кешенді емдеу-сауықтыру, медициналық-диагностикалық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-бейімдеу көмегін көрсету, шыгару кезінде қажетті ұсынымдары бар мәліметтерді медициналық үйымдарға беру болып айқындалсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) "ҰБОО" КеАҚ мен "Балбұлақ" БОО" АҚ жарғыларын бекітуді;
- 2) мемлекеттік тіркеу үшін "ҰБОО" КеАҚ мен "Балбұлақ" БОО" АҚ атынан құжаттарға қол қоюға, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға және "ҰБОО" КеАҚ мен "Балбұлақ" БОО" АҚ органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалардың алдында олардың мұдделерін білдіруге уәкілеттік берілген адамдарды сайлауды;
- 3) "ҰБОО" КеАҚ-ны әділет органдарында және "Балбұлақ" БОО" АҚ-ны "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында мемлекеттік тіркеуді;
- 4) "ҰБОО" КеАҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне беруді;
- 5) осы тармақтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті осы қаулының 1, 4 және 6-тармақтарында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Балбұлақ" БОО" АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін "ҰБОО" КеАҚ-ға берсін.

8. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен толықтырулар бекітілсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайилов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 24 қантардағы
№ 25 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен
толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің тұрларі және ұйымдарға қатысадының мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Нұр-Сұлтан қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-204-жолмен толықтырылсын:

"21-204. "Ұлттық балаларды оңалту орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадының мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 227-27-жолмен толықтырылсын:

"227-27. "Ұлттық балаларды оңалту орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы".

3. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандагы № 71 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

1) "1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кесіпорындар" деген бөлімде :

реттік нөмірі 29-жол алып тасталсын;

2) "4. Акционерлік қоғамдар" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 18-жолмен толықтырылсын:

"18. "Ұлттық балаларды оңалту орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы".